

## ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Пірімжанова А.А., аға оқытушы*

*Primzanovaamina@gmail.com*

*Бердіғали З.М., Ср-24-1 оқу тобының білім алушысы*

*Zereberdigali209@gmail.com.*

*Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*

**Аннотация.** Мақалада халықтың өмір сүру деңгейін арттырудың негізгі экономикалық аспектілері жан-жақты қарастырылады. Автор табыс деңгейінің өсуі, жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің кеңеюі және инфляцияны тұрақтандыру сияқты факторлардың маңыздылығын атап өтеді. Сонымен қатар, әлеуметтік саясаттың тиімділігі мен мемлекеттік қолдау шараларының рөлі талданады. Экономикалық өсім мен ресурстарды әділ бөлу халық әл-ауқатын жақсартудың басты шарттарының бірі ретінде көрсетіледі. Мақалада шағын және орта бизнесті дамыту, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жетілдірудің ықпалы да қарастырылады. Қорытындысында, кешенді экономикалық саясат қана халықтың өмір сүру сапасын тұрақты түрде арттыруға мүмкіндік беретіні тұжырымдалады.

**Кілт сөздер.** Халық, тұрмыс, деңгей, өмір сүру, аспект, әлеуметтік сала, саясат

**Аннотация.** В статье подробно рассматриваются основные экономические аспекты повышения уровня жизни населения. Автор подчеркивает важность таких факторов, как рост уровня доходов, расширение возможностей трудоустройства и стабилизация инфляции. Кроме того, анализируется эффективность социальной политики и роль мер государственной поддержки. Экономический рост и справедливое распределение ресурсов отражаются в качестве одного из главных условий улучшения благосостояния населения. В статье рассматривается влияние развития малого и среднего бизнеса, совершенствования сферы образования и здравоохранения. В заключении делается вывод о том, что только комплексная экономическая политика позволяет стабильно повышать качество жизни населения.

**Ключевые слова.** Народ, быт, уровень, быт, аспект, социальная сфера, политика.

**Кіріспе.** Халықтың өмір сүру деңгейі – қоғамдағы әрбір адамның өмір сапасын, материалдық және рухани жағдайын көрсететін кешенді көрсеткіш. Ол тек адамның табысына ғана байланысты емес, сонымен қатар білім, денсаулық, тұрмыс жағдайы, әлеуметтік қорғау деңгейі сияқты көптеген факторларды қамтиды.

Сондықтан өмір сүру деңгейін бағалау кезінде экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық аспектілерді ескеру маңызды. Қазіргі таңда өмір сүру деңгейі халықтың әл-ауқаты мен дамуының негізгі индикаторларының бірі болып табылады. Ол мемлекет үшін саясатты жоспарлау, әлеуметтік бағдарламаларды қалыптастыру және халықтың әл-ауқатын жақсарту тұрғысынан маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, өмір сүру деңгейінің әртүрлі аспектілерін салыстыру арқылы қоғамдағы теңсіздік, кедейлік және байлықтың таралуы сияқты мәселелерді анықтауға болады. Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру – кез келген мемлекеттің экономикалық саясатының басты мақсаттарының бірі. Өмір сүру деңгейі тек табыстың көлемімен ғана емес, сонымен қатар адамның білім алу мүмкіндігімен, денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігімен, тұрғын үй жағдайымен, жұмыспен қамтылу деңгейімен және жалпы өмір сапасымен тығыз байланысты. Сондықтан, бұл ұғым кең ауқымды қамтып, қоғамдағы әрбір азаматтың әл-ауқатын сипаттайтын маңызды көрсеткіш болып табылады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру үшін елдің жалпы экономикалық дамуы, өндіріс көлемінің өсуі, ұлттық табыстың әділ бөлінуі және инфляция деңгейінің тұрақтылығы ерекше рөл атқарады. Сонымен қатар, тиімді әлеуметтік саясат жүргізу, кедейлікті азайту, жаңа жұмыс орындарын ашу және шағын әрі орта бизнесті қолдау да маңызды факторлардың қатарына жатады. Осындай шаралар халық табысының

артуына, тұтыну мүмкіндіктерінің кеңеюіне және әлеуметтік теңсіздіктің төмендеуіне ықпал етеді.

Қоғамдағы әрбір адамның өмір сапасы – тек материалдық игіліктермен шектелмейтін күрделі ұғым. Ол адамның өзін қауіпсіз сезінуімен, қоршаған ортаның тазалығымен, мәдени және рухани дамумен, бос уақытты тиімді өткізу мүмкіндігімен де анықталады. Яғни, өмір сапасы экономикалық көрсеткіштермен қатар, әлеуметтік және экологиялық факторлардың үйлесімді дамуын талап етеді.

Халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі аспектілері мыналарға бөлінеді:

Экономикалық аспект – жеке табыс деңгейі, тұтыну мүмкіндігі, жұмыспен қамтылу.

Әлеуметтік аспект – білім алу, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау жүйесі.

Мәдени және рухани аспект – мәдени қызметке қолжетімділік, демалыс, қоғамдық қатынастар.

Экологиялық аспект – таза ауа, су, тұрғын үй жағдайлары, қоршаған ортаның сапасы.

Осы аспектілердің кешенді талдауы халықтың нақты өмір сүру деңгейін бағалауға және оны жақсарту шараларын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға әсер ететін экономикалық факторларды жан-жақты талдау, олардың тиімділігін бағалау және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартудың нақты жолдарын ұсыну.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Ғылыми зерттеудің негізгі әдістері: аналитикалық және синтетикалық, статистикалық, есептеу-аналитикалық зерттеу әдістері, гипотеза әдісі. Зерттеу нәтижелері ретінде халықтың өмір сүру деңгейін көтерудің экономикалық аспектілеріне назар аударылды, халық тұрмысының дамуын қарқындатуға кедергі келтіретін негізгі экономикалық мәселелер белгіленді.


**Нәтижелер және оларды талқылау.** Халықтың өмір сүру деңгейін арттырудың негізгі экономикалық факторларын жан-жақты талдау, сонымен қатар ел экономикасының дамуы арқылы азаматтардың әл-ауқатын жақсартудың тиімді жолдарын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін табыс деңгейін өсіру, жұмыспен қамтуды арттыру, инфляцияны тұрақтандыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және экономикалық саясаттың рөлін бағалау көзделді. Өмір сүру деңгейі күрделі және көп қырлы категория екендігін адамның өмірдегі нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларның жиынтығы сипаттайды. Халықтың өмір сүру барысында туындайтын проблемалар және оларды ғылыми тұрғыдан зерттеу қай елдің болмасын әлеуметтік-экономикалық дамуына тәуелсіз және қашанда өзекті болып саналады.

Сонымен бірге, өмір сүру деңгейі, сапа көрсеткіштер мен индикаторлар жүйесі анықталады. Осыған орай, көрсеткіштер жүйесінде адамның өмір сүруін қамтамасыз етудің жетекші-табыс пен тұтыну, еңбек және жұмыспен қамту, білім беру, тұрғын үй-коммуналдық секторы, экологиялық ортамен шектелмей, сондай-ақ, түрлі әлеуметтік топтардың еңбекке жарамдылығы, жалдамалы жұмысшылар мен өзін-өзі еңбекпен қамтушылар, орта топ, ауыл халқының өмір сапасы мен деңгейін де анықтаудың маңыздылығы зор.

Табыстың шоғырлануы мен саралану коэффициенттері, ең аз табыс деңгейінен төмен табыс алатын халық, азық-түлік қауіпсіздігі, әлеуметтік саланың даму көрсеткіштері, әлеуметтік шығындар (білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету) ІЖӨ-ге шаққандағы үлес салмағы - негізгі көрсеткіштер жүйесінде нақтыланып, логикалық тізбекілік пайда болды.


«Өмір сүру деңгейі» түсінігінің өте күрделілігі мен көп қырлылығы оның әлеуметтік тұрғыдан маңыздылығында. Олай болса, зерттеліп отырған экономикалық категорияның әлеуметтік астары халықтың аз қамтылған (тұрмысы нашарлар), ең ауқатты, жұмыс беруші мен жұмысшылардың, зейнеткерлердің, жанұяның және нақты адамның өмір сүру деңгейлерін қарастырады. Аталғандарға көрнекілік беру үшін оларды топтастырып, сызба ретінде келтірдік (сурет 1).

Осылайша, біздің оймызша, <өмір сүру деңгейі> - адамның тұтынуға байланысты игіліктерін қанағаттандыру мақсатында бірыңғай негізге сүйене отырып, өмір сапасын арттыру болып табылады.



1-сурет – Әлеуметтік топтарды саралау сызбасы

Осы пікіріміз дәлелді болу үшін келесі сызбаны келтіруді жөн көрдік



2-сурет – Өмір сүруде адамның әл-ауқат құрылымы

«Өмір сүру деңгейі» экономикалық зерттеу объектісі ретінде оның басты міндеттері деп келесілерді атауға болады:

- адамның өмір сүру сапасын сипаттайтын көрсеткіштерді бағалау (салауатты өмір салтын жүргізу қабілеті, білім алу мүмкіншілігі, лайықты өмірге жеткілікті табыс көзі және жоғары кәсіби білімі);
- атаулы және нақты табыстарды зерттеу;
- халықтың баспанамен, ұзақ қолданылатын тұтыну игіліктерімен қамтамасыз етілуі;
- әлемнің әр түрлі елдеріндегі өмір сапасы мен оның деңгейін бағалау арқылы ел аралық салыстыру жүргізу;
- аталмыш сала саясатын қалыптастыру үшін өмір сүру деңгейін зерттеу.

«Өмір сүру деңгейі» категориясын алғаш рет К.Маркс «Жалақы, баға және пайда» атты еңбегінде енгізілген. Ол осы категорияны халықтың, әлеуметтік топтардың материалдық,

рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі мен деңгейінің әлеуметтік - экономикалық сипаты ретінде қарастырған.

Халықтың өмір сүру деңгейі зерттеуге бетбұрыс ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығында басталған еді. Кеңес одағының экономикасында халықтың өмір сүру деңгейін объективті бағалау идеологиялық себептер бойынша мүмкін болмады да, жабық экономиканың қағидаларын сәйкес өнімдерді тарату және жеке тұтыну, халықтың өмір сүру деңгейі мен әлауқаты жөнінде көрсеткіштерге көңіл аударылмады.

Сонымен бірге, республикамызда өмір сүру деңгейін бағалау үшін 11 негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлар негізге алынады, олар:

1) үй шаруашылықтарың жалпы түзетілген табысы: халықтың жан басына шаққандағы жалпы түзетілген табысы және жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім;

2) үй шаруашылықтарының нақты түпкілікті тұтынуы: жан басына шаққанда және өткен жылға пайызбен;

3) жан басына шаққандағы айлық ақшалай табыс;

4) жан басына шаққандағы халықтың нақты қолда бар ақшалай табыстары, өткен жылға пайызбен;

5) айында 1 жұмысшының атаулы жалақысы;

6) өткен жылға пайызбен 1 жұмысшының нақты жалақысы;

7) есептелген айлық зейнетақының орташа мөлшері;

8) өткен жылға пайызбен зейнетақының нақты мөлшері;

9) айына жан басына шаққандағы күнкөріс шегі;

10) айына еңбек ақының ең төменгі мөлшері;

11) айына зейнетақының ең төменгі мөлшері.

Халықтың өмір сүру деңгейін анықтау күрделі процесс, әйтсе де, әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштер жүйесінде халықтың табыстары мен шығыстарының құрылымымен, табыс бойынша саралануы, әр түрлі әлеуметтік топтар табысының сатып алу қабілеттілігін, материалдық игіліктер мен қызметтерді тұтынуды қанағаттандыру деңгейін есепке алу маңызды. Аталған көрсеткіштерді талдау негізінде өмір сапасы мен оның деңгейін толық және кешенді қамтитын, мәнін түсіндіретін, өмір сүруді бағалайтын нақты көрсеткіштер жүйесі қалыптасады.

Логикалық бірізділікпен қалыптасқан осы жүйе төмендегідей көрсеткіштер топтамасынан құралады:

- жалпыланған көрсеткіштер;
- халықтың табыстары;
- халықтың шығыстары мен тұтынуы;
- жинақталған мүлік пен тұтынуы;
- әлеуметтік қорғау жүйесі;
- әлеуметтік сала;
- қоршаған орта;
- халықтың әлеуметтік саралануы.

Осыдан келіп, бастапқыда айтып өткеніміздей, «өмір сүру деңгейі» түсінігі анықталып, топтастырылады және мемлекет тарапынан қолдауға ие болады. Кеңірек аша айтатын болсақ, осыдан келіп, әлеуметтік қорғау жүйесі қалыптасады. Ол:

- әлеуметтік қамтамасыздандыру;
- зейнетақыны, жәрдемақыны, қарттарға, балаларға, ауруларға материалдық көмек беру жүйесін сипаттайтын көрсеткіштер кешенін қамту;
- ең төменгі: күнкөріс деңгейі (кедейшілік шегі), тұтыну бюджеті, жалақы, зейнетақы мөлшері, жалақының сатып алу қабілеттілігі, зейнетақының сатып алу қабілеттілігі, кедейшілік коэффициенті мен деңгейі, табыс тапшылығы, кедейшіліктің әлеуметтік саясатын жетілдіру, халықтың өмір сүру деңгейі арттыру, өмір сапасын көтеру.

Әлеуметтік сала көрсеткіштері адамның өмір сүру деңгейін ғана емес, сонымен бірге өмір қалпын да анықтайды. Олар келесілер:

- білім беру (мектепке дейінгі, жалпы білім беру мекемелерінің, бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беру, қосымша білім беру мекемелерінің қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі);
- мәдениет пен өнер (мәдениет пен өнер мекемелерінің жұмысын сипаттайтын, сонымен бірге кітап, журнал, газет өнімдері басылуын көрсететін көрсеткіштер жүйесі);
- денсаулық сақтау (денсаулық сақтау статистикасының, халықтың ауруының, мүгедектіктің, өндірістік жарақат алудың көрсеткіштер жүйесі);
- туризм, демалу, дене шынықтыру және спорт (санаториялық-курорттық мекемелердің, демалыс және туризм мекемелерінің, спорттық мекемелер желісінің жағдайын, дамын және пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі);
- коммуналдық шаруашылық (халықты сумен, жылумен, газбен, қонақ үй және басқа да жабдықталуымен қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен мекемелердің өндірістік қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі);
- ақылы қызметтер (халыққа әр түрлі қызметтерді ұсынуды сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі: тұрмыстық қызметтер, жолаушылық көліктер, байланыс, құқықтық қызметтер, банк қызметтері және т.б).

Өмір сапасының интегралды индикаторлары макроэкономикалық көрсеткіштерден тұрады. Көрсеткіштердің логикалық тізбектігі, маңыздылығы туралы талдауды қорыта келе, өмір сүру деңгейін жақсартудың түпкілікті мақсаты өмір сапасын көтеру екендігі негізделгендігіне көз жеткізді

**Қорытынды.** Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру – кез келген мемлекеттің басты стратегиялық мақсаттарының бірі. Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл мәселе кешенді түрде шешілуі тиіс және ол тек табысты арттырумен ғана шектелмейді, сонымен қатар экономиканың сапалы дамуын, әлеуметтік теңдікті және тұрақтылықты қамтамасыз етуді қамтиды. Халықтың өмір деңгейін арттыру үшін ең алдымен экономиканың тұрақты өсуі қамтамасыз етілуі қажет. Өндірісті әртараптандыру, инновацияларды енгізу, шағын және орта бизнесті дамыту – халық табысының өсуіне тікелей әсер ететін негізгі факторлар. Сонымен бірге, еңбек нарығын жетілдіру, жұмыссыздықты азайту және лайықты еңбекақы деңгейін қалыптастыру да маңызды рөл атқарады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қошанов, А.Қ. Әлеуметтік саясат және халықтың өмір сүру деңгейі. – Алматы: Ғылым, 2022.
2. Сансызбаева, Х.Н. Әлеуметтік қорғау жүйесі және өмір сүру деңгейі. – Алматы, 2020.
3. Жалелова, Р.З. Қазақстандағы кедейлік деңгейін төмендету жолдары. – Нұр-Сұлтан, 2022.
4. Татибеков, Б.Л. Еңбек нарығы және халықтың әл-ауқаты. – Алматы, 2023.